

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібін, нысандарын және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 тамыздағы № 626 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 96-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібі, нысандары және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттар бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 5 тамыздағы
№ 626 қаулысымен
бекітілген

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібі, нысандары және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бірнеше салалық мемлекеттік органның құзыретіне жататын экономиканың әртүрлі салаларында ұсынылатын мемлекеттік қаржылай емес қолдау тәртібі, нысандары және оларға қолдау көрсетуге қажетті басқа да шарттар (бұдан әрі – Қағидалар) кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау шараларын көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккаунт – онлайн-платформаны пайдаланушының онлайн-платформада тіркелгеннен кейін жасалатын дербес парақшасы;

2) әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы – әйелдерге кәсіпкерлік қызметке қатысуды ынталандыру, экономикалық белсенділікті арттыру үшін көрсетілетін қызметтер алуға қаржылай емес қолдау көрсетуге арналған алаң;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі – әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген дара кәсіпкер және заңды тұлға (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда);

4) бизнес-шолу жөніндегі консультант – Қазақстанның шағын және орта кәсіпорындарында бизнес-шолу жүргізу тәжірибесі бар жеке тұлға;

5) бренд-комитет – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кәсіпкерлер палаталары жанында тұрақты жұмыс істейтін, "Бір ауыл – бір өнім" жобасы шеңберінде өнімдерді іріктеуді жүзеге асыратын алқалы консультативтік-кеңесші орган;

6) жұмыс тобы – өңірлік көрмеде ең көп балл жинаған "Бір ауыл – бір өнім" (бұдан әрі – БАБӨ) жобасына қатысушылардың тізімін айқындайтын, БАБӨ жобасына әлеуетті қатысушылардың өнімдерін қарауды және бағалауды жүргізетін комиссия;

7) кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – КҚКО) – өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанынан құрылған, кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде онлайн режимде ұсынуға арналған инфрақұрылымдық кешен;

8) кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының бөлімшесі (бұдан әрі – КҚКО бөлімшесі) – облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада кәсіпкерлер көп шоғырланған жерлерде құрылған, кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған жұмыс орны;

9) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) консалтингтік компания – "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы" құралын іске асыруға арналған техникалық тапсырмаға сәйкес табысты іске асырылған жобаларды растаған және біліктілік іріктеуден өткен, белгілі бір мамандықтың консультациялық көрсетілетін қызметтерін жүзеге асыратын заңды тұлға және (немесе) дара кәсіпкер;

11) кооперациялық жоба – бұл шетелдік әріптестермен кооперация арқылы іске асырылатын, алдын ала әзірленген қадамдық бағдарламаға негізделген, нақты мақсаттары мен оларға қол жеткізу тәсілдері бар жоспар;

12) көрсетілген қызметтер тізілімі – өтінімдер, көрсетілген қызметтер, сондай-ақ пайдаланушылар туралы мәліметтер жиынтығын және өзге де мәліметтерді қамтитын электрондық құжат;

13) көрсетілетін қызметті алушы – қаржылай емес қолдау шараларын алуға өтініш берген тұлға;

14) қаржылай емес қолдау операторы – "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы" құрамдауышын қоспағанда, кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржылай емес қолдауды жүзеге асыратын "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

15) қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы – пайдаланушыларға мемлекеттік қаржылай емес қолдау шаралары электрондық форматта ұсынылатын қаржылай емес қолдау операторының онлайн-платформасы;

16) құрал – кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін қаржылай емес қолдау шарасы;

17) менеджер-консультант – кәсіпкерлік қызметпен айналысуға үміткер жеке тұлғаларға және кәсіпкерлерге консультациялық, ақпараттық және түсіндіру қызметтерін өңірлік кәсіпкерлер палатасы мен менеджер-консультант арасында жасалатын ақылы негізде қызметтер көрсету туралы шарттың негізінде көрсететін жеке тұлға;

18) менти – кәсіпкерлік саласында білімі мен дағдылары бар, жаңа білім алу мен өзін-өзі дамытуға және өз бетінше жұмыс істеуге әрі командада жұмыс істеуге әзір болғысы келетін кәсіпкер әйел;

19) ментор – кәсіпкерлік қызмет жүргізуде табысты тәжірибесі бар, кәсіпкерлік саласында білім мен тәжірибе беру үшін ментиді сүйемелдеу бойынша қызмет көрсету үшін тартылатын кәсіпкер;

20) менторлық – кәсіпкерлік саласында білім мен тәжірибе беру үшін ментиді сүйемелдеу жөнінде көрсетілетін қызмет;

21) оқудан өткені туралы сертификат (бұдан әрі – сертификат) – оқудан өткенін растайтын құжат;

22) өңірлік кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ӨКП) – қаржылай емес қолдау операторының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өңірлік кәсіпкерлер палатасы, оның ішінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған жұмыс орны;

23) сауалнама-өтінім – осы Қағидаларда көзделген қаржылай емес қолдау шараларын алу үшін қажетті құжаттар қоса берілген, өз қолымен не электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылатын өтініш;

24) халықаралық шетелдік ұйымдар (бұдан әрі – ХШҰ) – шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарына бизнес-тағылымдамаларды ұйымдастыруға, шетелдік әріптестермен іскерлік байланыс орнатуға жәрдемдесетін және (немесе) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға жәрдемдесуге бағытталған шетелдік ұйымдар;

25) шетелдік және (немесе) отандық сарапшы – басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын, жабдықтарды ендіру және персоналды оқыту мәселелері бойынша консультация беру үшін тартылған "Сарапшылар қызметі" құралына қатысушы;

26) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға мынадай бағыттар бойынша мемлекеттік қаржылай емес қолдау көрсетуді көздейді:

- 1) кәсіпкерлік әлеуетті арттыру;
- 2) әйелдер кәсіпкерлігін дамыту;
- 3) жергілікті және локальды ресурстардан өнім өндірушілерді қолдау;
- 4) консультациялық және сервистік қызметтер көрсету арқылы кәсіпкерлік әлеуетті күшейту;
- 5) іскерлік байланысты кеңейту және кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру.

2-тарау. "Кәсіпкерлік әлеуетті арттыру" бағыты

4. "Кәсіпкерлік әлеуетті арттыру" бағыты шеңберінде қаржылай емес қолдау операторы "Кәсіпке бағыт" құралын іске асырады.

5. "Кәсіпке бағыт" құралы кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға өтеусіз негізде ұсынылатын консультативтік, білім беру қызметтерінің кешенін қамтиды.

6. "Кәсіпке бағыт" құралын қаржылай емес қолдау операторы және ӨКП облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада, сондай-ақ анықталған сұраныс негізінде аудан орталықтарына барып көрсетеді.

7. "Кәсіпке бағыт" құралы кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға, сондай-ақ ШОК субъектілеріне өтеусіз негізде ұсынылады.

8. "Кәсіпке бағыт" құралын іске асыруды қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен "Мемлекеттік сатып алу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Қаржылай емес қолдау операторы өтінімдер негізінде қызметтер көрсетуді консультациялық, білім беру қызметтерін жеткізуші компанияларды және біліктілігі жоғары сарапшыларды, оның ішінде шетелдік сарапшыларды тарту арқылы қамтамасыз етеді.

10. Қаржылай емес қолдау операторы қаржылай емес қолдау операторының сайтында және (немесе) әлеуметтік желілерінде және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) арқылы құралдың іске асырылу барысы туралы хабардар етеді.

11. "Кәсіпке бағыт" құралы мынадай қызмет түрлерін көрсетеді:

- 1) консультация;
- 2) салалық (бейіндік) оқыту;
- 3) қаржыландыруды тарту бойынша оқыту;
- 4) әлеуметтік кәсіпкерлікке оқыту;
- 5) бизнес-шолу жүргізу.

1-параграф. Консультация түрінде қызметтер көрсету тәртібі

12. Консультация мыналарды қамтиды:

- 1) өңірлердің ерекшелігі бойынша бизнесті қолдаудың салалық және өңірлік бағдарламаларын түсіндіру;
- 2) "Кәсіпке бағыт" құралының өзге де көрсетілетін қызметтері бойынша сұранысты анықтау.

13. Консультация беру тетігі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-ға өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;
- 2) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;
- 3) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

кәсіпкерді тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса);

нотариат растаған сенімхат (қажет болса).

14. Көрсетілетін қызметтерді алу кезектілігі сауалнама-өтінімді толтыру қорытындысы және көрсетілетін қызметті алушының сұранысы бойынша айқындалады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының сұранысы "Кәсіпке бағыт" құралының көрсетілетін қызметтер тізбесіне кірмейтіні анықталған жағдайда менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыны қаржылай емес қолдау шараларының басқа құралдарына жібереді.

2-параграф. Салалық (бейіндік) оқыту бойынша қызметтер көрсету тәртібі

16. Салалық (бейіндік) оқыту шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі – ШОБ субъектісі) және (немесе) оның өкілдерінің кәсіпкерлік әлеуетін арттыру мақсатында ұсынылады.

17. Салалық (бейіндік) оқыту ШОК субъектілері және (немесе) олардың өкілдері үшін ӨКП-де және (немесе) жұмыс істеп тұрған шаруашылық және (немесе) кәсіпорын базасында жүзеге асырылады.

18. Салалық (бейіндік) оқытудың көрсетілетін қызметін алушылар – кәсіпкерлер немесе олардың өкілдері.

19. Салалық (бейіндік) оқытуды іске асыру тетігі:

1) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерді салалық (бейіндік) оқытуға қабылдаудың басталғаны туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-ға өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

ШОК субъектісін тіркеу туралы анықтама/хабарлама;

нотариат растаған сенімхат (қажет болса);

5) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП келіп түскен өтінімдер бойынша салалық (бейіндік) оқыту тобын, графигін және форматын қалыптастырады;

6) өткізілген тестілеу қорытындылары бойынша кемінде 70 (жетпіс) пайыз шекті мәнге қол жеткізілгенде берілетін оқудан өткені туралы сертификат қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

20. Оқу процесінің жалпы ұзақтығы кемінде 24 (жиырма төрт) сағатты құрайды.

21. ШОК субъектілерін және (немесе) оның өкілдерін бір салалық (бейіндік) бағыт бойынша оқыту жылына бір реттен артық ұсынылмайды.

Оқыту ӨКП-мен және "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдар бекітетін өңірдегі (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісіндегі) басым салалар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Егер салалық (бейіндік) оқыту ШОК субъектілерінің және (немесе) олардың өкілдерінің тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде жүргізілсе, онда ШОК субъектілері және (немесе) олардың өкілдері көлік шығыстары мен тұруға жұмсалатын шығыстарды өздері төлейді.

3-параграф. Қаржыландыруды тарту бойынша оқыту қызметтерін көрсету тәртібі

23. Қаржыландыруды тарту бойынша оқыту қызметі ШОК субъектілері және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар үшін ұсынылады.

24. Қаржыландыруды тарту бойынша оқыту қаржылай емес қолдау операторы бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес интерактивті нысанда онлайн және (немесе) офлайн форматта жүзеге асырылады.

25. Қаржыландыруды тарту бойынша оқытуды іске асыру тетігі:

1) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарды қаржыландыруды тарту бойынша оқытуға қабылдаудың басталғаны туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-ға өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

ШОК субъектісін тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса);

5) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП келіп түскен өтінімдер бойынша оқыту графигін, тобын және форматын қалыптастырады;

6) көрсетілетін қызметті алушыны оқыту жылына бір реттен артық ұсынылмайды;

7) өткізілген тестілеу қорытындылары бойынша кемінде 70 (жетпіс) пайыз шекті мәнге қол жеткізілгенде берілетін оқудан өткені туралы сертификат қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

26. Оқу процесінің жалпы ұзақтығы кемінде 24 (жиырма төрт) сағатты құрайды.

27. Егер оқыту көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде жүргізілсе, онда көрсетілетін қызметті алушы көлік шығыстары мен тұруға жұмсалатын шығыстарды өзі төлейді.

4-параграф. Әлеуметтік кәсіпкерлікке оқыту бойынша қызметтер көрсету тәртібі

28. Әлеуметтік кәсіпкерлікке оқыту масылдықтан бас тарту мәдениетін қалыптастыру, аз қамтылғандар, көпбалалылар, жетімдер, ерекшеліктері бар адамдар үшін жұмыс орындарын құру, олардың өзін-өзі дамытуына және тиімді инклюзияны дамытуға ықпал ету мақсатында әлеуметтік идеяларды іске асыру үшін жүргізіледі.

29. Оқыту қаржылай емес қолдау операторы бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес интерактивті нысанда онлайн және (немесе) офлайн форматта жүзеге асырылады.

30. Кәсіпкерлер және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша оқытудың көрсетілетін қызметін алушылар болып табылады.

31. Әлеуметтік кәсіпкерлікке оқытуды іске асыру тетігі:

1) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарды әлеуметтік кәсіпкерлікке оқытуға қабылдаудың басталғаны туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-ға өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

кәсіпкерді тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса);

5) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП келіп түскен өтінімдер бойынша оқыту графигін, тобын және форматын қалыптастырады;

6) көрсетілетін қызметті алушыны оқыту жылына бір реттен артық ұсынылмайды;

7) өткізілген тестілеу қорытындылары бойынша кемінде 70 (жетпіс) пайыз шекті мәнге қол жеткізілгенде берілетін оқудан өткені туралы сертификат қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

32. Оқу процесінің жалпы ұзақтығы кемінде 16 (он алты) сағатты құрайды.

33. Егер оқыту көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде жүргізілсе, онда көлік шығыстары мен тұруға жұмсалатын шығыстарды көрсетілетін қызметті алушы өзі төлейді.

5-параграф. Бизнес-шолу жүргізу бойынша қызметтер көрсету тәртібі

34. Бизнес-шолу кәсіпорынның әлеуетін, оның қызметкерлерінің құзыретін және бизнестің орнықтылығын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

35. Бизнес-шолу бойынша көрсетілетін қызметті алушылар кемінде екі жыл жұмыс істейтін әрі тұрақты негізде және (немесе) қызметтер көрсетуге арналған шарт бойынша кемінде 5 (бес) жұмыскері бар ШОК субъектілері болып табылады.

36. Бизнес-шолу көрсетілетін қызметті алушының кәсіпорнында жүзеге асырылады және оны шағын және орта кәсіпорындарда бизнеске бағалау жүргізу тәжірибесі бар бизнес-шолу жүргізу жөніндегі консультант жүргізеді.

37. Бизнес-шолу жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметті іске асыру тетігі:

1) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерді кәсіпорындарға бизнес-шолуға қабылдаудың басталғаны туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-ға өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

кәсіпкерді тіркеу туралы анықтама/хабарлама;

5) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП бизнес-шолу үшін кәсіпорындардың тізімін қалыптастырады;

6) бизнес-шолу жөніндегі консультант көрсетілетін қызметті алушының кәсіпорнында бизнес-шолуды күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай жүргізеді;

7) бизнес-шолу жүргізілгеннен кейін бизнесті жақсарту жөніндегі ұсынымдар көзделетін есеп қалыптастырылады.

38. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға арналған қызметтердің "Кәсіпке бағыт" құралын қаржыландыру шеңберінде көрсетілетін қызметті алушыларға қаржы жылының 12 (он екі) айы бойы үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз етеді.

3-тарау. "Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту" бағыты

39. "Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту" бағыты шеңберінде қаржылай емес қолдау операторы "Кәсіпкер әйел" құралын іске асырады.

40. "Кәсіпкер әйел" құралы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау мен дамыту және кәсіпкер әйелдердің әлеуетін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

41. "Кәсіпкер әйел" құралын қаржылай емес қолдау операторы және өңірлік кәсіпкерлер палаталары Қазақстан Республикасының 18 (он сегіз) жастан асқан әйел жынысты азаматтарына облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада, оның ішінде ауыл тұрғындарына өтеусіз негізде көрсетеді.

42. "Кәсіпкер әйел" құралын іске асыруды қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. "Кәсіпкер әйел" құралы мынадай қызмет түрлерін ұсынады:

- 1) консультация;
- 2) кәсіптік және бизнес-оқыту;
- 3) менторлық;
- 4) кәсіпкер әйелдерді халықаралық жобалар туралы хабардар ету.

6-параграф. Консультация түрінде қызметтер көрсету тәртібі

44. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП әйелдерді ұсынылатын қызметтер, жоспарланатын оқыту түрлері және "Кәсіпкер әйел" құралы шеңберіндегі басқа да іс-шаралар туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді.

Консультация мыналарды қамтиды:

- 1) әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін қаржылай немесе қаржылай емес қолдау шараларын түсіндіру;
- 2) "Кәсіпкер әйел" құралының өзге де көрсетілетін қызметтері бойынша әйелдердің сұранысын анықтау.

45. Консультация беру тетігі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы КҚКО-дағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығына өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

2) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді;

3) көрсетілетін қызметті алушы сауалнама-өтінімді толтырады және мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

кәсіпкерді тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса).

46. Көрсетілетін қызметтерді алу дәйектілігі сауалнама-өтінімді толтыру қорытындысы және көрсетілетін қызметті алушының сұранысы бойынша айқындалады.

47. Әйелдердің сұранысы "Кәсіпкер әйел" құралының көрсетілетін қызметтер тізбесіне кірмейтіні анықталған жағдайда менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыны қаржылай емес қолдау шараларының басқа құралдарына жібереді.

7-параграф. Кәсіптік және бизнес-оқыту бойынша қызметтер көрсету тәртібі

48. Кәсіптік және бизнес-оқыту құзырет арттыруды, қазіргі бағытта білім деңгейін арттыруды және бизнес жүргізу бойынша білім алуды қамтиды.

49. Кәсіптік және бизнес-оқытуды іске асыру тетігі:

1) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП көрсетілетін қызметті алушылардан келіп түскен өтінімдерді ескере отырып, оқытудың анағұрлым талап етілетін бағыттарын анықтайды;

2) қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) өңірлік кәсіпкерлер палатасы кәсіптік және бизнес-оқыту тобын, графигін және форматын қалыптастырады;

3) кәсіптік және бизнес-оқыту қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушылар тестілеуден өтеді;

4) өткізілген тестілеу қорытындылары бойынша кемінде 70 (жетпіс) пайыз шекті мәнге қол жеткізілгенде берілетін оқудан өткені туралы сертификат қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

50. Оқу процесінің жалпы ұзақтығы кемінде 24 (жиырма төрт) сағатты құрайды. Оқыту графигі әйелдердің ата-аналық және отбасылық міндеттері ескеріле отырып ұйымдастырылады.

51. Көрсетілетін қызметті алушыларға оқыту жылына кәсіптік және бизнес-оқытудың бір бағытынан артық ұсынылмайды.

52. Егер оқыту көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерде жүргізілсе, онда көлік шығыстары мен тұруға жұмсалатын шығыстарды көрсетілетін қызметті алушы өзі төлейді.

8-параграф. Менторлық бойынша қызметтер көрсету тәртібі

53. Менторлық бойынша көрсетілетін қызмет кәсіпкерлік саласында білім мен тәжірибе беру үшін ментиді сүйемелдеуді қамтиды.

54. Менторды қаржылай емес қолдау операторы тағайындайды және ментиді сүйемелдеу мерзімі 6 айдан аспайды.

55. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП келіп түскен өтінімдерден ментордың сүйемелдеуі үшін менти тізімін жасайды.

56. Ментор ментидің бизнес басшысының құзыретіне баға береді және оның құзыретін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

57. Менти менторлық көрсетілетін қызметті алудан бас тартқан жағдайда ол ниет білдірген басқа ментимен ауыстырылады.

9-параграф. Кәсіпкер әйелдерді халықаралық жобалар туралы хабардар ету бойынша қызметтер көрсету тәртібі

58. Кәсіпкер әйелдерді халықаралық жобалар туралы хабардар ету бойынша көрсетілетін қызмет әйелдер кәсіпкерлігінің бизнес-әлеуетін дамытуға бағдарланған форумдар, конференциялар және басқа да іс-шаралар өткізілетіні туралы бизнестің қызығушылығын тудыратын бағыттар бойынша ақпарат беруді қамтиды.

59. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП көрсетілетін қызметті алушыларды sms-хабарламалар және (немесе) электрондық пошта арқылы халықаралық жобалар, форумдар, конференциялар, конкурстар және басқа да іс-шаралар туралы хабардар етеді.

60. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкер әйелдер мен кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдерге арналған қызметтердің "Кәсіпкер әйел" құралын қаржыландыру шеңберінде көрсетілетін қызметті алушыларға қаржы жылының 12 (он екі) айы бойы үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз етеді.

61. Қаржылай емес қолдау операторы уәкілетті органға телефон арқылы сауалнама жүргізу немесе sms-хабарламалар арқылы көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау жөнінде есеп береді.

4-тарау. "Жергілікті және локальды ресурстардан өнім өндірушілерді қолдау" бағыты

62. "Жергілікті және локальды ресурстардан өнім өндірушілерді қолдау" бағыты шеңберінде қаржылай емес қолдау операторы БАБӨ жобасын іске асырады.

63. БАБӨ жобасын қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада, сондай-ақ аудан орталықтарына барып көрсетеді.

64. БАБӨ жобасын іске асыруды қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып

алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

65. БАБӨ жобасы мынадай іс-шаралар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруды қамтиды:

- 1) консультация;
- 2) өңірлік көрмелер өткізу;
- 3) өнімді айқындау;
- 4) өнімді ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға шығаруға жәрдемдесу бойынша БАБӨ финалистерін оқыту және маркетингтік сүйемелдеу.

66. Жергілікті және локальды ресурстардан өнімдер/тауарлар өндіретін кәсіпкерлер және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар БАБӨ жобасының әлеуетті қатысушылары болып табылады.

67. БАБӨ жобасы жергілікті және локальды ресурстардан алынған өңірлік өнімдерді анықтауға, оның ішінде ауылдық деңгейде анықтауға, сондай-ақ өндіріс технологияларын жетілдіруде әрі сыртқы және (немесе) ішкі нарыққа шығуды ілгерілетуде жәрдемдесуге бағытталған.

10-параграф. БАБӨ жобасын іске асыру тетігі

68. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарды БАБӨ жобасының басталғаны туралы өңірлік БАҚ және (немесе) қаржылай емес қолдау операторының сайты арқылы хабардар етеді.

69. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП өңірлік деңгейде жергілікті және локальды ресурстардан өнім/тауар өндірушілерді іздеуді жүзеге асырады.

70. Әлеуетті қатысушылар КҚКО-ға өтініш береді және оларға ӨКП-де кезектілік тәртібімен қызмет көрсетіледі.

71. ӨКП әлеуетті қатысушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, оны міндетті түрде фотоға түсіреді.

Әлеуетті қатысушы сауалнама-өтінімді толтырады және құжаттардың мынадай түрлерін ұсынады:

- 1) жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
- 2) кәсіпкерді тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса).

72. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП өңірлік көрме өткізілетін кезеңдегі әлеуетті қатысушылардың тізімін қалыптастырады.

73. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП БАБӨ жобасына әлеуетті қатысушылар үшін өңірлік көрмелер ұйымдастырып, өткізеді.

74. Өңірлік көрменің қорытындысы бойынша жұмыс тобы кемінде 20 (жиырмадан) аспайтын өнімді/тауарды іріктейді. ӨКП құрамы тақ сан болатын, ӨКП басшысының бұйрығымен бекітілетін жұмыс тобын құрады, оның құрамына қаржылай емес қолдау операторы мен ӨКП жұмыскерлері, сондай-ақ өңірлік салалық қауымдастықтардың өкілдері кіреді.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

75. Жұмыс тобы іріктеп алған өнімдер/тауарлар бренд-комитеттің отырысында таныстырылады, онда кемінде 10 (оннан) аспайтын өнім/тауар іріктеп алынады және финалист сертификаттары (бұдан әрі – финалистер) беріледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

76. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП БАБӨ жобасының финалистеріне өнім брендтерін маркетингтік сүйемелдеу, олардың дизайнын және (немесе) редизайнын дайындау бөлігінде қолдау көрсетеді.

77. БАБӨ жобасының финалистері үшін қаржылай емес қолдау операторы оқыту іс-шараларын ұйымдастырып, өткізеді.

78. Қаржылай емес қолдау операторы және (немесе) ӨКП БАБӨ жобасы финалистерінің өңірлік, республикалық және (немесе) халықаралық көрмелерге, форумдар мен конференцияларға қатысуына жәрдемдеседі.

5-тарау. "Консультациялық және сервистік қызметтер көрсету арқылы кәсіпкерлік әлеуетті күшейту" бағыты

79. "Консультациялық және сервистік қызметтер көрсету арқылы кәсіпкерлік әлеуетті күшейту" бағыты мынадай құралдарды қамтиды:

1) кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер;

2) кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау.

11-параграф. Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету тәртібі

80. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда, "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық көрсетілетін қызметтер" құралы өтеусіз негізде ұсынылатын ақпараттық-консультациялық қызметтер кешенін қамтиды.

81. "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы бойынша қызметтер көрсету ӨКП филиалдарында жұмыс істейтін КҚКО арқылы және/немесе аудан орталықтарында, сондай-ақ облыстық, аудандық маңызы бар қалаларда кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар көп шоғырланған жерлерде, ал онлайн режимде – қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82. "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралын қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

83. "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылғанда Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен тиісті шарт жасалады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

84. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт күшіне енгенге дейін "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын көрсету үшін қаржылай емес қолдау операторы шеккен шығыстарды уәкілетті орган құжаттамалық растама ұсынылған кезде ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

85. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган мен өңірлік кәсіпкерлер палатасы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт күшіне енгенге дейін өңірлік кәсіпкерлер палатасының "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын көрсету үшін шеккен шығыстарды кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган құжаттамалық растама ұсынылған кезде ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

86. Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер мыналарды қамтиды:

1) мемлекеттік қолдаудың қаржылай және қаржылай емес шаралары, кәсіпкерлік қызмет жүргізуді бастау мәселелері бойынша консультация беру (ЭҚЖЖ және салық салудың оңтайлы жүйесін іріктеу), шарттар мен бастапқы бухгалтерлік құжаттардың

үлгілерін дайындау арқылы мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат және консультация беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

2) екінші деңгейдегі банктерде, қаржы ұйымдарында және даму институттарында бизнес-жоспарлау қаржыландырылғанға дейін және одан кейін қажетті құжаттарды жинау жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

3) кәсіпкерлік қызметті бастау және тоқтату, лицензиялар мен сертификаттар алу мәселелері бойынша консультация арқылы құқықтық мәселелер және рұқсат құжаттарын алу жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

4) сатып алуға/конкурстарға/тендерлерге қатысу және жер учаскелерін алу үшін құжаттарды жинау және өтінімді ресімдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

5) инженерлік желілерге (газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау) қосылған кезде рұқсат құжаттарын, техникалық шарттарды алудағы көрсетілетін қызметтер.

87. Кәсіпкерлер және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар өздері келгенде оларға ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету мынадай тәртіппен жүзеге асырылады :

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметтерді алу үшін ӨКП филиалдарының және/немесе кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар көп шоғырланған орындардағы КҚКО-на өтініш береді және менеджер-консультант оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

2) көрсетілетін қызметтерді алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

ШОК субъектісін тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса);

нотариат растаған сенімхат (қажет болса);

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті түрде толтыру үшін "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы бойынша қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, көрсетілетін қызметті алушыны көрсетілетін қызметті алу кезінде міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша менеджер-консультант шағымдар мен ұсыныстар кітабын береді;

5) менеджер-консультант қызмет көрсеткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының деректерін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы шеңберінде көрсетілген қызметтер тізіліміне енгізеді;

6) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметтерді күнтізбелік бір жыл бойы тұрақты негізде шектеусіз алады;

7) ШОК субъектілеріне көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау мақсатында қаржылай емес қолдау операторы құралды қаржыландыру шеңберінде телефон арқылы сауалнама жүргізу немесе sms-хабарламалар арқылы сауалнама жүргізу жолымен сапа аудитін жүргізеді.

88. Қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы онлайн режимде ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету мынадай тәртіппен жүзеге асырылады :

1) көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында тіркеледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында тіркелгеннен кейін осы Қағидалардың 86-тармағына сәйкес қажетті консультацияны/көрсетілетін қызметті таңдайды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы бойынша көрсетілетін қызметтерді алуға электрондық сауалнама-өтінімді толтырады;

3) көрсетілетін қызметті алушы электрондық өтінімге мынадай құжаттардың электрондық көшірмесін қоса тіркейді:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық нұсқасы (сәйкестендіру үшін);

ШОК субъектісін тіркеу туралы анықтама/хабарлама (бар болса);

нотариат растаған сенімхат (қажет болса);

4) көрсетілетін қызметті алушы екі факторлы аутентификациялау әдісімен жеке басын сәйкестендіруді жүргізу арқылы немесе қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында ЭЦҚ-ны пайдалану арқылы көрсетілетін қызметтерді ұсынуға электрондық өтінімге қол қояды;

5) қаржылай емес қолдау операторының веб-порталына келіп түскен электрондық өтінім берілген кезінен бастап 24 сағат ішінде менеджер-консультанттар арасында кезектілік тәртібімен және жүктемесіне қарай бөлінеді;

6) электрондық өтінім қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында бөлінгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға өтінімінің жұмысқа түскені туралы электрондық поштаға немесе мобильді телефонға хабарлама жіберіледі;

7) өтінімнің мәртебесі бойынша ақпарат көрсетілетін қызметті алушының қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтында көрсетіледі;

8) қаржылай емес қолдау операторының менеджер-консультанты 1 (бір) жұмыс күні ішінде қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы ұсынылған деректерге тексеру жүргізеді (ұсынылған құжаттар толық болмаған және (немесе) Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда

менеджер-консультант бас тарту себебін көрсете отырып, өтінімді пысықтауға жібереді);

9) электрондық өтінімді қарау нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға sms-хабарлама арқылы қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтына немесе электрондық өтінімнің мәртебесі көрсетіліп, электрондық поштаға хабарламамен жіберіледі;

10) көрсетілетін қызметті алушы аккаунтта қаржылай емес қолдау операторының менеджер-консультанты көрсеткен қызметтің сапасын бағалайды;

11) көрсетілетін қызметті алушы қызметтің көрсетілуіне қанағаттанбаған жағдайда қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы жолданым беру немесе қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында көрсетілген байланыстар бойынша қолдау қызметіне өтініш беру арқылы менеджер-консультанттың әрекетіне шағым жасайды.

89. Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтерді іске асыру шеңберінде қаржылай емес қолдау операторы тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға "Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер" құралы бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген нысан бойынша құралдың іске асырылуы туралы есеп жібереді.

90. Қаржылай емес қолдау операторы көрсетілетін қызметті алушыларға құралды қаржыландыру шеңберінде қаржы жылының 12 (он екі) айы бойы ақпараттық-консультациялық қызметтердің үздіксіз ұсынылуын қамтамасыз етеді.

91. Қаржылай емес қолдау операторы кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарды көрсетілетін ақпараттық-консультациялық қызметтер, қызметтер көрсетудің басталуы мен орны туралы БАҚ арқылы немесе қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурстарында және (немесе) әлеуметтік желілерінде ақпарат орналастыру арқылы тоқсан сайын хабардар етеді.

12-параграф. Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау бойынша қызметтер көрсету тәртібі

92. "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралы кәсіпкерлерді қолдау үшін, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін өтеусіз негізде ұсынылатын сервистік қызметтер көрсетуге бағытталған.

93. "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралын қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

94. "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралы республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылғанда Заңның 16-бабы 3-

тармағының 25) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы тиісті шарт жасалады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт күшіне енгенге дейін "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын көрсету үшін қаржылай емес қолдау операторы шеккен шығыстарды уәкілетті орган құжаттамалық растама ұсынылған кезде ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

96. Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган мен өңірлік кәсіпкерлер палатасы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт күшіне енгенге дейін "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын көрсету үшін ӨКП шеккен шығыстарды кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган құжаттамалық растама ұсынылған кезде ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

97. Кәсіпкерлерді сервистік қолдау жергілікті жерлерде сұранысқа сәйкес облыс орталықтарындағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы өңірлік кәсіпкерлер палаталары арқылы, ал онлайн режимде қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

98. Кәсіпкерлерді сервистік қолдау шеңберінде мынадай қызметтер көрсетіледі:

1) бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасауға байланысты көрсетілетін қызметтер, ол:

бухгалтерлік және салықтық заңнама мәселелері бойынша консультацияларды;

бастапқы құжаттарды өңдеу, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да аударымдарды есептеу мәселелері бойынша консультацияларды;

бухгалтерлік есепке алу бойынша консультацияларды;

"1С:Бухгалтерия" бағдарламасымен жұмыс бойынша консультацияларды;

салықтық есептерді дайындау және тапсыру бойынша консультацияларды;

статистикалық есептерді дайындау және тапсыру бойынша консультацияларды;

бөгде ұйымдар үшін қаржылық қызмет бойынша қосымша есептер жасау бойынша консультацияларды;

салықтық және статистикалық есептер дайындауды қамтиды;

2) заң мәселелері және конкурстық (тендерлік) рәсімдер жөніндегі көрсетілетін қызметтер, ол:

лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алу бойынша консультацияларды;

лицензиялар, сертификаттар және рұқсат құжаттарын алу бойынша қолдау көрсетуді;

кәсіпкерлік субъектісін тіркеуге, қайта тіркеуге құжаттар дайындауды;
кәсіпкерлік субъектісін тарату бойынша консультацияларды;
шарттардың жобаларын электрондық форматта әзірлеуді;
азаматтық, еңбек және кәсіпкерлік құқық саласындағы консультацияларды;
мемлекеттік сатып алуға байланысты консультацияларды;
конкурса/тендерге қатысу үшін өтінімдер дайындауды;

сатып алуды ұйымдастырушылардың әрекетіне/әрекетсіздігіне шағымдану бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтиды;

3) қаржыландыру және мемлекеттік қолдау шараларын алу мәселелері бойынша көрсетілетін қызметтер, ол:

кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша консультацияларды;

екінші деңгейдегі банктерде, басқа қаржы ұйымдарында, сондай-ақ даму институттарында қаржыландыру үшін құжаттарды дайындау мәселелері бойынша сүйемелдеуді қамтиды;

4) бизнес-жоспарды әзірлеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер, ол:

бизнес-жоспарды әзірлеу үшін ақпарат жинау бойынша консультацияларды;

бизнес-жоспарды әзірлеу бойынша консультацияларды;

бизнес-жоспар әзірлеуді;

тауарларды және (немесе) жұмыстарды, және (немесе) көрсетілетін қызметтерді ілгерілету жоспарын талдау бойынша консультацияларды;

тауарларды және (немесе) жұмыстарды, және (немесе) көрсетілетін қызметтерді ілгерілету жоспарын талдау бойынша әзірлемені қамтиды.

99. Қаржылай емес қолдау операторы кәсіпкерлерді ұсынылатын сервистік көрсетілетін қызметтер, сервистік қызметтер көрсетудің басталуы мен орны туралы БАҚ арқылы немесе қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурстарында ақпарат орналастыру арқылы тоқсан сайын хабардар етеді.

100. Кәсіпкерлер бизнес-жоспарды әзірлеу жөніндегі көрсетілетін қызметтен басқа, кәсіпкерлік қызмет жүргізу бойынша бекітілген сервистік көрсетілетін қызметтер шеңберінде кешенді сервистік қолдау, сондай-ақ тауарларды және (немесе) жұмыстарды, және (немесе) көрсетілетін қызметтерді ілгерілету жоспарын талдауды тұрақты негізде алады, кәсіпкерлер оны күнтізбелік 1 (бір) жылда 1 (бір) рет қана алады.

101. Кәсіпкердің жеке өзінің қатысуымен сервистік қызметтер көрсету мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) сервистік көрсетілетін қызметтерді алуға мүдделі кәсіпкерлер КҚКО-ға немесе КҚКО бөлімшесіне өтініш береді және консультант-менеджер оған кезектілік тәртібімен қызмет көрсетеді;

2) сервистік көрсетілетін қызметтерді алуға үміткер кәсіпкерлер мынадай құжат түрлерін ұсынады:

жеке куәлік не оның "цифрлық құжаттар" сервисінен алынған электрондық көшірмесі (сәйкестендіру үшін);

кәсіпкерлік субъектісін тіркеу туралы анықтама/хабарлама;

нотариат растаған сенімхат (түпнұсқа) (қажет болса);

3) менеджер-консультант көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне сервистік қызметтер көрсетуге сауалнама-өтінім береді, көрсетілетін қызметті алушыны көрсетілетін қызметті алу кезінде міндетті түрде фотоға түсіреді;

4) кәсіпкердің қалауы бойынша менеджер-консультант шағымдар мен ұсыныстар кітабын береді;

5) қызмет толық көлемде көрсетілгеннен кейін менеджер-консультант пен кәсіпкер арасында осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылады;

6) кәсіпкерге көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау мақсатында қаржылай емес қолдау операторы құралды қаржыландыру шеңберінде телефон арқылы сауалнама жүргізу немесе sms-хабарламалар арқылы сауалнама жүргізу жолымен сапа аудитін жүргізеді;

7) менеджер-консультант қызмет көрсеткеннен кейін кәсіпкердің деректерін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралы шеңберінде көрсетілген қызметтер тізіліміне енгізеді.

102. Қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы онлайн режимде сервистік қызметтер көрсету мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) кәсіпкер сервистік көрсетілетін қызметті алу үшін қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында тіркеледі (қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында тіркелу кезінде кәсіпкер қажетті деректерді толтырады және қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында аккаунт ашады);

2) кәсіпкер қажетті сервистік көрсетілетін қызметтерді таңдайды және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпкерлерге сервистік көрсетілетін қызметтер ұсынуға электрондық сауалнама-өтінімді толтырады және осы Қағидалардың 101-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмесін қоса тіркейді;

3) осы Қағидалар шеңберінде сервистік қызметтер көрсетуге электрондық өтінімге екі факторлы аутентификациялау әдісімен жеке басын сәйкестендіруді жүргізу арқылы

немесе қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында ЭЦҚ-ны пайдалану арқылы қол қойылады;

4) қаржылай емес қолдау операторының веб-порталына келіп түскен электрондық өтінім берілген кезінен бастап 24 сағат ішінде менеджер-консультанттар арасында кезектілік тәртібімен және жүктемесіне қарай бөлінеді;

5) электрондық өтінім менеджер-консультантқа бөлінгеннен кейін кәсіпкер электрондық өтінімінің жұмысқа қабылданғаны туралы электрондық поштаға немесе мобильді телефонға хабарлама алады;

6) электрондық өтінімнің мәртебесі бойынша ақпарат кәсіпкердің қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтында көрсетіледі;

7) менеджер-консультант электрондық өтінімді жұмысқа алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 101-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұсынылған құжаттарға толықтығы тұрғысынан тексеру жүргізеді (ұсынылған құжаттар толық болмаған және (немесе) сәйкес келмеген жағдайда менеджер-консультант бас тарту себебін көрсете отырып, электрондық өтінімді пысықтауға жібереді);

8) менеджер-консультант сервистік қызмет көрсетеді және қызмет көрсету нәтижесін кәсіпкерге оның қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтына жібереді (sms-хабарлама арқылы немесе электрондық поштаға электрондық өтінімнің мәртебесі көрсетілген ақпарат);

9) кәсіпкерге көрсетілген қызметтің нәтижелері алынғаннан кейін қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтында екі факторлы аутентификациялау әдісімен немесе ЭЦҚ-ны пайдалану арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қою арқылы жұмыстарды орындау фактісі расталады;

10) кәсіпкер қаржылай емес қолдау операторының веб-порталындағы аккаунтында менеджер-консультант көрсеткен сервистік қызметтің сапасын бағалауды жүргізеді;

11) кәсіпкер ұсынылған қызметтің көрсетілу сапасына қанағаттанбаған жағдайда қаржылай емес қолдау операторының веб-порталы арқылы өтініш беру немесе қаржылай емес қолдау операторының веб-порталында көрсетілген байланыстар бойынша қолдау қызметіне өтініш беру арқылы менеджер-консультанттың әрекетіне шағым жасайды.

103. Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде қаржылай емес қолдау операторы тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті сервистік қолдау құралының іске асырылуы туралы есеп жібереді.

104. Қаржылай емес қолдау операторы кәсіпкерлерді сервистік қолдаудың қаржы жылының 12 (он екі) айы бойы үздіксіз ұсынылуын қамтамасыз етеді.

105. Қаржылай емес қолдау операторы есепті жылдың маусымынан кешіктірмей "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралының көрсетілетін қызметтері бойынша ұзақтығы кемінде 3 (үш) минут болатын кемінде екі ақпараттық бейнеролик (қазақ және орыс тілдерінде) әзірлейді және оларды интернет-ресурстарда орналастырады.

Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

106. Уәкілетті органмен келісу бойынша кемінде екі ақпараттық бейнероликті (қазақ және орыс тілдерінде) әзірлеу және орналастыру "Кәсіпкерлік қызмет жүргізуді сервистік қолдау" құралын қаржыландыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

107. Қаржылай емес қолдау операторы уәкілетті органға қаржы жылының бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша әзірленген және орналастырылған ақпараттық бейнероликтер бойынша ақпарат береді.

6-тарау. "Іскерлік байланыстарды кеңейту және кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру" бағыты

108. "Іскерлік байланыстарды кеңейту және кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру" бағыты мынадай құралдарды қамтиды:

- 1) "Іскерлік байланыстар";
- 2) "Сарапшылар қызметі";
- 3) Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы

13-параграф. "Іскерлік байланыстар" құралы бойынша қызметтер көрсету тәртібі

109. "Іскерлік байланыстар" құралы ХШҰ қолдауымен шетелдік әріптестермен іскерлік байланыс орнату есебінен ШОК субъектілеріне қолдау көрсетуге бағытталған.

110. Құралға қатысушылар ШОК субъектілерінің мынадай өлшемшарттары бар жоғары буын басшылары болып табылады:

- 1) орташа жылдық кірісі кемінде 10000 (он мың) айлық есептік көрсеткіш;
- 2) кәсіпкердің салалық қызметінің қабылдаушы тараптың салалық мүмкіндіктеріне сәйкестігі.

111. "Іскерлік байланыстар" құралында шетелде тақырыптық бизнес-тағылымдамадан өтуді, сондай-ақ ұқсас бейіндегі кәсіпорындарға бару және шетелдік әріптестермен:

- 1) технологиялар трансферті және жабдықтар сатып алу;
- 2) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өзара жеткізу;
- 3) франшиза сатып алу;
- 4) бірлескен кәсіпорындар құру мәселелері бойынша іскерлік байланыс орнату көзделген.

Бизнес-тағылымдамадан өту форматын, сондай-ақ мерзімдерін қабылдаушы ел қаржылай емес қолдау операторына хат жіберу арқылы айқындайды.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

112. ШОК субъектілері үшін бизнес-тағылымдамаларды ұйымдастыруды қабылдаушы елдер салаларының даму деңгейін ескере отырып, ХШҰ жүзеге асырады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

113. ХШҰ-мен өзара іс-қимыл кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган мен қабылдаушы елдің уәкілетті органы арасындағы ынтымақтастық туралы қолданыстағы халықаралық келісімдер шеңберінде, сондай-ақ қаржылай емес қолдау операторы мен ХШҰ арасындағы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

114. "Іскерлік байланыстар" құралы іс-шараларын қаржыландыру Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тиісті шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен республикалық бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ ХШҰ тарапынан қаржыландырылатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт күшіне енгенге дейін "Іскерлік байланыстар" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын көрсету үшін қаржылай емес қолдау операторы шеккен шығыстарды уәкілетті орган құжаттамалық растама ұсынылған кезде ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

116. Қаржылай емес қолдау операторы "Іскерлік байланыстар" құралына қатысуға өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 1 (бір) ай бұрын әлеуетті қатысушыларды қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурстарында және (немесе) әлеуметтік желілерінде ақпарат орналастыру арқылы олардың құралға қатысу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

117. "Іскерлік байланыстар" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын алуға өтінім облыс орталықтарындағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы өңірлік кәсіпкерлер палаталары, ОКП филиалдары арқылы ұсынылады.

118. Өңірлік кәсіпкерлер палаталары арқылы "Іскерлік байланыстар" құралы шеңберінде қаржылай емес қолдау шараларын алуға өтінім беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Іскерлік байланыстар" құралы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерліктің жоғары және орта буын басшыларының біліктілігін арттыру үшін бизнес-тағылымдамаға қатысуға өтінімді, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының "Іскерлік байланыстар" құралын іске асыру шеңберіндегі жазбаша міндеттемесін толтырады;

2) қаржылай емес қолдау операторы өтінімді 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

119. Қаржылай емес қолдау операторы қабылданған өтінімдер бойынша ХШҰ-мен бірлесіп кооперациялық жобаларды қамтитын сауалнамаларды қорғауды ұйымдастырады және олардың ішінен үздіктерін іріктейді.

Көрсетілетін қызметті алушыны іріктеу кезіндегі өлшемшарттар мыналар:

1) шетелдік компаниялармен кооперациялану ниеті;

2) басқарушының әлеуеті;

3) шет тілін білу (шет тілінде бизнес-тағылымдамадан өту кезінде) болып табылады

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

120. Кооперациялық жобаларды қамтитын үздік сауалнамалар айқындалғаннан кейін, қаржылай емес қолдау операторы шетелдегі бизнес-тағылымдамаға қатысуды келісу үшін іріктеп алынған ШОК субъектілерінің тізімдерін уәкілетті органға жібереді

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

121. ХШҰ топтық бағдарламалардың күнтізбесін жасайды және қаржы жылының бірінші тоқсанында тақырыптық бизнес-тағылымдамалар өткізу үшін әріптес кәсіпорындарды іздеуді жүзеге асырады.

122. Қаржылай емес қолдау операторы қатысушыларды бизнес-тағылымдамаға жібереді.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

123. Халықаралық көлік шығыстары қатысушылардың өз қаражаты есебінен қаржыландырылады.

124. "Іскерлік байланыстар" құралына қатысушылар бизнес-тағылымдамаға ұшып шығатын пунктке дейін Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік және тұруға жұмсалатын шығыстарды өздері төлейді.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

125. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

126. Бизнес-тағылымдаманың нәтижелері бойынша құралға қатысушы Қазақстан Республикасына келген кезден бастап 2 (екі) ай ішінде мынадай мәліметтерді:

1) бизнес-тағылымдамадан өтудің қысқаша сипаттамасын (орны, мерзімі, қабылдаушы ұйым);

2) алынған негізгі нәтижелер мен дағдыларды (жаңа білім, орнатылған байланыстар, ынтымақтастық туралы уағдаластықтар);

3) өз кәсіпорнын дамыту жөніндегі жоспарларын (алған тәжірибені енгізу, әріптестіктерді кеңейту, жаңа жобаларды іске қосу жөніндегі және басқа да іс-шаралар) көрсете отырып, қаржылай емес қолдау операторын бизнес-тағылымдаманың нәтижелері туралы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық нысанда) хабардар етеді.

Қаржылай емес қолдау операторы ХШҰ-мен бірлесіп құралға қатысушылар бизнес-тағылымдамадан өткеннен кейін бір жылдан соң осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ынтымақтастық орнатылған шетелдік әріптес компанияның атауын көрсетіп, аталған ШОК субъектілерінің даму жоспарларының іске асырылуына мониторинг жүргізеді және оны уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

127. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128. Қаржылай емес қолдау операторы ШОК субъектілеріне қаржы жылының 12 (он екі) айы бойы үздіксіз қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

129. ШОК субъектілері бизнес-тағылымдамаға жіберілетін елдер тізімі ұлғайған, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтетін жағдайда ШОК субъектілері ұсынатын құжаттар топтамасының құрамын өзгертуге жол беріледі.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14-параграф. "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша қызметтер көрсету тәртібі

130. "Сарапшылар қызметі" құралы ШОК субъектілері үшін Қазақстан Республикасының аумағында басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын ендіру үшін шетелдік және (немесе) отандық сарапшыларды, оның ішінде ХШҰ-ның жәрдемдесуімен тарту функциясын орындайды.

131. ШОК субъектілері "Сарапшылар қызметі" құралына қатысушылар болып табылады.

132. "Сарапшылар қызметі" құралын қаржыландыру Заңның 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

133. Уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасында жасалатын өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт жасалғанға дейін қаржылай емес қолдау операторы "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша көрсеткен қаржылай емес қолдау шараларын уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылына жасалған өтелетін қызметтер көрсету туралы шарт шеңберінде өтейді.

134. "Сарапшылар қызметі" құралы ШОК субъектісінің кәсіпорнына шетелдік және (немесе) отандық сарапшыларды тарту арқылы іске асырылады.

135. "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша шетелдік және (немесе) отандық сарапшыларды тарту:

1) кәсіпорынды дамытудың нақты проблемаларын диагностикалауды және айқындауды;

2) нақты проблемаларды жою бойынша шешімдер тұжырымдауды және практикалық жұмысты;

3) шетелдік және (немесе) отандық сарапшының мамандануына сәйкес практикалық оқыту жүргізуді көздейді.

136. Ұшуды, шетелдік және (немесе) отандық сарапшылардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді қамтитын "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша

шығыстарды төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

137. Шетелдік және (немесе) отандық сарапшылардың тәуліктік шығыстары, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағында тұруы және көрсетілетін аударма қызметтері ШОК субъектісінің меншікті қаражаты есебінен төленеді.

138. "Сарапшылар қызметі" құралын іске асыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) қаржылай емес қолдау операторы әлеуетті қатысушыларды уәкілетті орган мен қаржылай емес қолдау операторы арасындағы шарт күшіне енген кезден бастап 10 жұмыс күні ішінде қаржылай емес қолдау операторының интернет-ресурстарында және (немесе) әлеуметтік желілерінде ақпарат орналастыру арқылы олардың "Сарапшылар қызметі" құралына қатысу мүмкіндігі туралы хабардар етеді;

2) ШОК субъектісі ӨКП және (немесе) КҚКО арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Сарапшылар қызметі" құралына қатысу үшін қағаз нысанда өтінім береді;

3) қаржылай емес қолдау операторы ӨКП және (немесе) КҚКО арқылы қағаз нысанда келіп түскен өтінімдерді қарап, 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға өтінімнің мәртебесі туралы ақпарат жібереді. Өтінім осы Қағидаларға 12-қосымшада жазылған шарттарға сәйкес келмеген жағдайда қаржылай емес қолдау операторы анықталған ескертулерді 2 (екі) жұмыс күні ішінде жою үшін мерзім береді. Ескертулерді жою мерзімі өткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылдау туралы хабарлама немесе қарау қорытындылары бойынша дәлелді бас тарту жібереді;

4) қаржылай емес қолдау операторы шетелдік және (немесе) отандық сарапшыларды, оның ішінде ХШҰ-ның жәрдемдесуімен сарапшыларды тартуды қамтамасыз етеді;

5) "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша қаржылай емес қолдау шарасын ұсыну мерзімі ШОК субъектісінің өтінімі мақұлданған кезден бастап ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейінгі кезеңді қамтиды;

6) шетелдік және (немесе) отандық сарапшылар өз миссиясы шеңберінде тікелей кәсіпорындарда консультация жүргізеді;

7) шетелдік және (немесе) отандық сарапшының ШОК субъектісінің кәсіпорнында болу мерзімі ШОК субъектісі мен шетелдік және (немесе) отандық сарапшы арасында консультациялық қызметтер көрсетуге арналған шартқа қол қойылған күннен бастап кемінде 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

139. "Сарапшылар қызметі" құралы бойынша қаржылай емес қолдау шарасын алған ШОК субъектісі қаржылай емес қолдау операторының сұратуы бойынша 2 (екі) жыл бойы жартыжылдық негізде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ШОК субъектісінің қызметі туралы мониторингтік есеп беріп тұрады.

15-параграф. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасын іске асыру тәртібі

140. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ) сырттан бизнес-консультанттарды тарту арқылы "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы" құралын (бұдан әрі – ЕҚДБ бағдарламасы) іске асырады.

141. ЕҚДБ бағдарламасы бес бағыт бойынша іске асырылады:

1) кәсіпорынның өсуі үшін талап етілетін өзгерістерді енгізу үшін кәсіпорынға консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынатын компанияларды тарту;

2) кәсіпорынның өсуі мен дамуына көмек көрсету үшін шетелдік салалық сарапшыларды тарту;

3) кәсіпкерлерге арналған тақырыптық тренингтер, семинарлар, конференциялар және басқа да оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу арқылы ШОК субъектілері үшін нарықтарды дамыту және консультациялық көрсетілетін қызметтерге сұранысты ынталандыру;

4) жаттықтырушылар үшін тренингтер өткізу арқылы жергілікті бизнес-консультанттардың құзыреттерін дамыту;

5) орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

142. ЕҚДБ бағдарламасын қаржыландыру уәкілетті орган мен ЕҚДБ арасында тиісті шарт жасасу жолымен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

143. ЕҚДБ бағдарламасы бойынша сырттан консультанттарды тарту шығыстарын төлеу республикалық бюджет қаражаты және ШОК субъектілерінің меншікті қаражаты есебінен қоса қаржыландыру қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

144. ЕҚДБ консультациялық көрсетілетін қызметтерді беруші компанияларды және біліктілігі жоғары шетелдік сарапшыларды консультациялық жобаларды іске асыруға тарту арқылы ШОК субъектілеріне үздіксіз қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

145. Базалық және қосымша өлшемшарттарға сай келетін кәсіпорындар ЕҚДБ бағдарламасына қатысушылар болып табылады.

Қатысушыларды іріктеудің базалық өлшемшарттары:

1) кәсіпорынның мөлшері (үлестес тұлғаларды есептемегенде) – консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынатын компаниялар тартылатын жобалар үшін 250 қызметкерге дейін және шетелдік салалық сарапшылар тартылатын жобалар үшін 500 қызметкерге дейін;

2) қызмет саласы – банк көрсететін қызметтерді, әскери өнімдерді немесе көрсетілетін қызметтерді, құмар ойындар мен темекі өнімдерін қоспағанда, экономиканың барлық секторларындағы қызмет, сондай-ақ ЕҚДБ елдік стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша ЕҚДБ қызметінен шығарылған экономика секторлары;

3) жетілу – өтінім берген кезде бизнесті жүргізу тәжірибесі кемінде екі жыл (арнайы бастамаларды қоспағанда);

4) осы Қағидаларға 148-тармақтың 2-тармақшасына сәйкес ЕҚДБ бағдарламасына қатысуға арналған өтінімдік құжаттаманың толық топтамасы;

5) "Орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын арттыру" бағытына қатысу үшін:

кәсіпкерлік субъектілерін сегменттеу өлшемшарттарына сәйкес іріктелген орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілетті кәсіпорны;

соңғы екі жылдағы қаржылық орнықтылық және айналым EBITDA өсуінің оң серпіні;

экономика секторы: кандидат кәсіпорын өнімді өндіруге және (немесе) қайта өңдеуге байланысты экономиканың бір немесе бірнеше секторында жұмыс істеуге тиіс, немесе болашақ консультациялық жоба өнім өндірісін және (немесе) қайта өңдеуді дамытуға бағытталуға тиіс;

одан әрі өсуді ынталандыру мақсатында қаржыландыру алу үшін мерзімі өткен берешексіз және борыштық жүктемесі операциялық пайданың үш еселенген мөлшерінен аспайтын, расталған оң кредиттік тарих.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

146. Қатысушыларды іріктеудің қосымша өлшемшарттары:

1) өміршеңдік – айқын бәсекелік артықшылықтардың болуы, кірістілік (оң жалпы пайда), консультациялық жобаларды енгізу және олардың нәтижелерін қолдану үшін жеткілікті қаржылық және операциялық ресурстардың болуы тұрғысынан одан әрі өсу әлеуеті (ЕҚДБ банкроттық сатысында тұрған немесе толық қайта құрылымдауды талап ететін кәсіпорындарға қолдау көрсетпейді);

2) басшылықтың қарым-қатынасы – ЕҚДБ мамандарымен және консалтингтік компаниямен ынтымақтастыққа дайын болу;

3) жоғары бедел/парасаттылық – кәсіпорын мен оның басшылығы сенім мен жоғары беделге ие;

4) штаттан тыс консультанттармен жұмыс тәжірибесі – іскерлік консультациялық қызметтер алуға шынайы қажеттілік, сондай-ақ штаттан тыс консультанттармен жұмыс

тәжірибесі шамалы болған немесе мұндай тәжірибе болмаған және (немесе) жобаны толық көлемде қаржыландыру үшін қаражат болмаған кезде алынатын қолдауды іске жарату мүмкіндігі;

5) қаржылық міндеттемелер – кәсіпорынның жобаны іске асырудың жалпы құнының 10-75 пайызын төлеуге әзірлігі мен мүмкіндігі.

Осы өлшемшарттарға сәйкестікті ЕҚДБ-ның жергілікті мамандар тобы ЕҚДБ-ның кәсіпорынды тексеріп қарау және диагностикалау жөніндегі стандартты рәсімдерін орындағаннан кейін бағалайды.

Ескерту. 146-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

147. ЕҚДБ бағдарламасы бойынша сырттан консультанттарды тарта отырып, озық кәсіпорындардың консультациялық жобаларын ұйымдастыру және қоса қаржыландыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ЕҚДБ біліктілік алдындағы іріктеуді жүргізеді және ЕҚДБ бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарға сай келетін консультациялық көрсетілетін қызметтерді берушілердің дерекқорын жүргізеді;

2) консультанттар нақты бейіндегі консультациялық қызметтер көрсету және нақты білім салаларында жұмыс істеу үшін біліктілігінің бар-жоғы тұрғысынан бағалаудан өтеді:

жұмыс тәжірибесі – компания қызметінің сипаттамасы, оның мемлекеттік тізілімде тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі, меншік құқығы туралы куәлік (жарғыдан және (немесе) құрылтай шартынан үзінділер), кемінде алдыңғы екі жылдағы жылдық қаржылық есептілік (пайда мен залал туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, баланс), қолдануға келетін болса, консультациялық көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөліністе төлем мөлшерлемелерін көрсете отырып, компанияның/жеке консультанттың мамандануының сипаттамасы (адам-күн);

клиентпен жұмыс және ұсынымдар – пікірлер мен ұсынымдарды және клиент компанияның консультациялық жобалар басшыларының байланыс деректерін қоса алғанда, соңғы 2 жыл ішінде іске асырылған жобалардың сипаттамасы (консалтингтік компанияның мамандануы шеңберінде);

кадрлармен жасақталу – барлық консультанттармен әңгімелесу және олардың түйіндемелерін зерделеу;

3) кәсіпорынның сұранысы айқындалып, жобаны орындау үшін белгіленген нысан бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге техникалық тапсырма дайындалғаннан кейін ЕҚДБ бағдарламасы шеңберінде белгіленген талаптарға сай келетін консалтингтік компаниялардың коммерциялық ұсыныстары сұратылады (консультантты таңдауды кәсіпорын өзі жүзеге асырады, консультанттарға бірінші жоба табысты іске асырылғанға дейін басқа жобаларды қатар орындауға тыйым салынады);

4) қолдау көрсетілетін жобалар КҚКО және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да бастамалары шеңберінде көрсетілетін қызметтермен толықтырылады.

148. ЕҚДБ бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру тетігі:

1) ЕҚДБ кәсіпкерлерді құралға қатысу өлшемшарттары және өтінімдік топтамаға қойылатын талаптар туралы ақпаратты қоса алғанда, ЕҚДБ бағдарламасы туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ әлеуетті клиенттерге жобалық өтінімді дайындауда жәрдем көрсетеді;

2) өтінім беруші ЕҚДБ бағдарламасының жәрдемдесуімен қолдау алу үшін ЕҚДБ-ға қажетті құжаттар топтамасын ұсынады:

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі іскерлік консультациялық қызметтер бағдарламасы" құралын көрсетуге өтінімнің толтырылған түпнұсқасы;

құрылтай құжаттарының көшірмелері;

алдыңғы толық екі жылдағы және өтінім берілген кездегі ағымдағы қаржылық кезең бойынша қаржылық есептердің көшірмелері;

3) ЕҚДБ маманы өміршендігін, сұранысын, басымдықтарын айқындау және өтінім бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін ЕҚДБ бағдарламасының кәсіпорынды тексеріп қарау және диагностикалау жөніндегі стандартты рәсімдерін орындағаннан кейін оның іріктеу өлшемшарттарына сәйкестігін бағалау үшін кәсіпорынға барады;

4) әлеуетті консультациялық жоба кәсіпорын басшылығымен талқыланады;

5) ЕҚДБ кәсіпорын үшін жергілікті және халықаралық сарапшылардың дерекқорынан жобаны іске асыруға лайықты консалтингтік компаниялардың және (немесе) сарапшылардың тізімін дайындайды және жоба бойынша әлеуетті консультанттармен, атап айтқанда, халықаралық сарапшылармен келіссөздер жүргізуге жәрдемдеседі;

6) өтінім беруші консалтингтік компанияны және (немесе) сарапшыны таңдау туралы түпкілікті шешім қабылдайды;

7) кәсіпорын мен консалтингтік компания бірлесіп техникалық тапсырма әзірлейді, оны ЕҚДБ келісіп, бекітеді;

8) ЕҚДБ гранттар бойынша қолданыстағы матрица-нұсқаулыққа сүйене отырып, консультациялық жобаны қоса қаржыландыру мөлшері бойынша шешім қабылдайды;

9) кәсіпорын мен консалтингтік компания және (немесе) сарапшы ЕҚДБ мақұлдаған жобаға техникалық тапсырмаға сәйкес консультациялық қызметтер көрсету туралы шарт жасасады;

10) ЕҚДБ мен кәсіпорын ЕҚДБ бағдарламасы шеңберінде консультациялық жобаға грант беру туралы келісім жасасады;

11) ЕҚДБ жобаның іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады;

12) консультант жоба аяқталғаннан кейін қорытынды таныстырылым өткізеді және бенефициар-кәсіпорын мен ЕҚДБ-ға жобаның нәтижелері туралы есеп береді;

13) кәсіпорын қатысу туралы шартқа және (немесе) грант беру туралы келісімге сәйкес сарапшының және (немесе) консалтингтік компанияның көрсетілетін қызметтеріне ақы төлейді;

14) грант беру туралы келісімнің шеңберінде орындалған жұмыстардың мәлімделген техникалық тапсырмаға сәйкестігін, жобаның табысты аяқталуын және кәсіпорынның консалтингтік компания жобасының құнын төлеу фактісін тексергеннен кейін ЕҚДБ бенефициар-кәсіпорынға белгіленген мөлшерде грант төлейді;

15) жоба аяқталғаннан кейін бір жыл өткен соң ЕҚДБ маманы жобаға келіп, оның бенефициар-кәсіпорын жұмысының тиімділігіне әсерін бағалау үшін қорытынды бағалау жүргізеді.

149. ЕҚДБ жыл сайын уәкілетті органға есепті жылдан кейін 2 (екі) ай ішінде ЕҚДБ бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есеп береді.

7-тарау. Қаржылай емес қолдау құралдарын іске асырудың тиімділігін талдау

150. Қаржылай емес қолдау құралдарын іске асырудың тиімділігін талдау кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың қаржылай емес мемлекеттік шараларының тиімділігіне талдау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

151. Талдаудың қорытындысы бойынша кешенді талдамалық есеп қалыптастырылады, мұнда пайдаланушының портреті сипатталады, сондай-ақ экономикалық немесе басқарушылық тұрғыдан кәсіпкерлік қызмет тиімділігінің жақсаруына/нашарлауына, қолдау құралдарын алу жылдамдығы мен сапасын айқындайтын ішкі факторларға баға беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін
бірнеше салалық мемлекеттік
органның құзыретіне жататын
экономиканың әртүрлі
салаларында ұсынылатын
мемлекеттік қаржылай емес
қолдау тәртібіне, нысандарына
және оларға қолдау көрсетуге
қажетті басқа да шарттарға
1-қосымша

Нысан

"Кәсіпке бағыт" құралы бойынша қызмет көрсетуге сауалнама-өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.12.2025 № 1079 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

--	--	--

1.	Өтінім берілген күн	
2.	Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
3.	Көрсетілетін қызметті алушының жынысы	
4.	Көрсетілетін қызметтерді қандай тілде алғысы келетінін көрсету	
5.	Көрсетілетін қызметті алушының туған күні	
6.	Көрсетілетін қызметті алушының жасы	
7.	Көрсетілетін қызметті алушының жас санаты	
8.	Мүгедектігінің бар-жоғы	
9.	Көрсетілетін қызметті алушының санаты	
10.	Көрсетілетін қызметті алушының облысы	
11.	Көрсетілетін қызметті алушының елді мекені (қала, ауыл, кент, аудан орталығы)	
12.	Қызметтер көрсету орны	
13.	Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі	
14.	Көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефоны	
15.	Көрсетілетін қызметті алушының электрондық мекенжайы	
16.	Көрсетілетін қызметті алушының ұйымдық-құқықтық нысаны	
17.	Кәсіпкерлік субъектісінің атауы	
18.	Әлеуметтік кәсіпорынның мәртебесі (бар болса)	
19.	Дара кәсіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірі/ көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі	
20.	Кәсіпкердің экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) бойынша саласы	
21.	Кәсіпкер қызметінің ЭҚЖЖ бойынша кіші саласы	
22.	Кәсіпкерлік санаты	
23.	Жылдық айналымдар	
24.	Өтінім берген кездегі жұмыскерлердің саны	

25.	Өңірлердің ерекшелігі бойынша бизнесті қолдаудың салалық және өңірлік бағдарламаларын түсіндіру бойынша консультация алғыңыз келе ме?	
26.	Егер сізді салалық (бейіндік) оқу қызықтырса, сізге нақты қандай оқу қажет?	
27.	Сізге қаржыландыруды тарту бойынша оқу қажет пе?	
28.	Ұйымыңызға бизнес -шолу қажет пе?	
29.	Сізге әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша оқу қажет пе?	
30.	Егер сізге оқу қажет болса, қандай форматта оқу ыңғайлы?	
31.	Менеджер-консультанттың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	
32.	Менеджер- консультанттың қолы	
33.	Менеджер-консультанттың жұмысын бағалауыңызды өтінеміз	

